

Мектепке дейінгі ұйымның даму бағдарламасы

Бағдарламаның стратегиялық мақсаты – мектепке дейінгі баланың жеке тұлғасының педагогикалық ғылыми-әдістемелік, ұйымдастырушылық-басқару жағдайлары мен білім беру үдерісінің барлық қатысушыларының бірлескен іс-әрекеті кешені негізінде үздіксіз дамуының жүйесін жасау.

Міндеттері:

- жаңа мемлекеттік стандартқа сәйкес келетін бірыңғай қауіпсіз дамытушы ортаны ұйымдастыру;
- қабілетті және дарынды балалардың топ жарып шығуына, дамуына олардың сәтті түрде әлеуметтенуіне, олардың тұлғалық, әлеуметтік тұрғыдан өзін-өзі әрекеттендіруіне қолайлы жағдай жасау;
- мектепке дейінгі баланың шығармашылық қабілетін өзін-өзі танытуын, танымдық қажеттіліктерін қанағаттандыруға, оқу әрекетінің негізгі психологиялық алғы шарттарын қалыптастыруға ықпал ету;
- ата-аналардың балаларды тәрбиелеудегі және дамытудағы жетістіктер мен мәселелерге деген қызығушылықтарын арттыру.

Мектепке дейінгі мекемені дамытудың негізгі бағыттары

Бағдарламаның мақсат-міндеттерін төмендегі бөлімдер негізінде жүзеге асыру жоспарланды:

- ❖ «Басқару іс-әрекеті»
- ❖ «педагогтардың кәсіби құзіреттіліктерін жетілдіру»
- ❖ «Білім беру сапасын арттыру мақсатында туғызылатын жағдайлар»
- ❖ «Әрекетті типті оқыту технологиясын игеру»
- ❖ «Дарынды және қабілетті балалармен жұмыс»
- ❖ «Тәрбие жұмысын дамыту»
- ❖ «Мектепке дейінгі ұйымның кадрлық потенциялын жетілдіру»
- ❖ «Ұйымның материалдық-техникалық базасын нығайту»